

Сайлауова Д. М, Ныйканбаева А.И

Карагандинский университет Казпотребсоюза Республика Казахстан

Дебиторлық берешектер есебі

Бүгінгі күні ауқымды экономикалық нарықта есеп беру кезеңінде дебиторлық немесе кредиторлық берешегі жоқ кәсіпорынның болуы екіталай. Аталмыш жағдай көбіне жіті көңіл бөлмеудің әсерінен туындап жатады. Есеп айырысу үдерісі қысқа не ұзақ мерзімді дебиторлық берешектің пайда болуына әкеледі. Негізгі себеп - қарыз төлеу күні мен тауарларды беру немесе алу, жұмысты тапсыру немесе қызметтерді көрсету уақытының сәйкес келмеуіне байланысты сипатталады.

^[1]Белгілі бір кәсіпорынның мүлкін құрайтын, әртүрлі негіздерден пайда болатын заңды қарым-қатынаста борышкер болып саналатын өзге тұлғаларға телінетін мүліктік талаптарды дебиторлық берешек деп атайды. Ол - өнімнің немесе тауардың келесі тарапқа өткенін, міндеттеме орындалғанын, қызмет көрсетілгенін, дегенмен міндеттеме алушы әлі төлемегенін не қызметті ұсынушы кәсіпорынға аударылған аванс немесе төлемнің әлі түспегенін сипаттайды. Айналымнан қаражаттың бөлінуі дебиторлық берешектен хабар береді. Кәсіпорынның қаржылық жағымды ахуалын қалыптастырудың негізгі шарты берешекті дер кезінде алу болып табылады.

Аталған қаржылық жағдайды ахуалын дұрыс бағалауды ұйымдастыру үшін дебиторлық берешек пен баламаларын дәл анықтап жіктеу керек. Бұл ретте бухгалтерлік шоттардағы дебиторлық берешекті дер кезінде әрі дәл көрсету шарты кәсіпорынның өзі үшін тиімді. Себебі кәсіпорынның балансында дебиторлық немесе кредиторлық берешек болу жағдайы алаңдатарлық фактор түрінде қабылданады. Баланс валютасының өсуімен олар

өтімділік, дербес төлем қабілеттілігі секілді кәсіпорынның қаржылық көрсеткіштерін бір мезетте нашарлатады.

Осы орайда берешекті басқару жүйесін тиімді ұйымдастырудың ықпалы орасан зор. Дебиторлық және кредиторлық берешекті басқару жүйесін екі блокқа бөліп қарастыруға болады. Алдымен қарызды сатуды ұлғайту құралы ретінде тиімді пайдалануға мүмкіндік беретін несие саясаты болса, екіншісі мерзімі өткен немесе үмітсіз дебиторлық берешектің туындау тәуекелін төмендетуге бағытталған шаралар кешенін ұйымдастыру.

Десе де несиелік саясат қалыптасқан кезде, жалпы ұйым не әр тұлға дебиторлық берешектің максималды рұқсат етілген мөлшерін анықтауы қажет. Сонымен қатар екі тарап үшін аталмыш үдеріс барысында төмендегі шараларды ескеру маңызды:

- дебиторлар мен олардың қарыздарының сомасын негізсіз ұлғайтуға жол бермеу;
- жоғары тәуекел дәрежесі бар дебиторлық берешектен аулақ болу;
- төлем шоттарын уақытында ұсыну, төлем мерзімдерін бақылау;
- кәсіпорынның заң қызметтерімен бірлесіп уақытылы мерзімі өткен дебиторлық берешекті талап ету бойынша шаралар қабылдау.

Өйткені кәсіпорын балансының активтері мен міндеттемелерінің құрылымы, сондай-ақ салық салынатын пайданы анықтау кредиторлық және дебиторлық берешекті дұрыс есепке алуға және бақылауға байланысты. Тиісінше кәсіпорынның қаржылық жағдайын нығайту үшін қарыздарға бақылау орнату қажет. Бақылаудың жалпы және жеке бағыттарда жүзеге асыру мүмкіндігі қарастырылған. Жалпы бақылау бағыты аясында: әрбір дебитор мен кредитор бойынша дебиторлық және кредиторлық берешекті тұрақты бақылау жүйесін ұйымдастыру, дебиторлық және кредиторлық берешектің шамасына, құрылымына, серпініне әсер еткен ішкі және сыртқы себептерді айқындау, қабылданған шаралардың кәсіпорынның қаржылық жағдайына тиімділігі мен әсерін бағалауды жүргізу, тиісті тұжырымдар мен болжамдарды қалыптастыру шаралары жүргізіледі. Ал бақылаудың жеке бағыты - дебиторлық берешек

деңгейін кредиторлық берешек деңгейінен аспайтын мөлшерге дейін төмендету, дебиторлық берешектің қозғалысын бақылауды күшейту, қарыздарды уақытылы өтеу, кешіктірулер мен айыппұлдарға жол бермеу, коммерциялық несие тұрғысынан клиенттерді тарту нысанын ақылға қонымды пайдалану, күмәнді берешектер бойынша резервті есептеу арқылы «көлденең» сатып алушылардың пайда болу тәуекел дәрежесін анықтау шараларын қамтиды

Тәжірибе көрсетіп отырғанындай, егер кәсіпорынның берешегін басқару жоғарыда аталған бағыттар бойынша жүргізілсе, онда кәсіпорынның қаржылық жағдайы тұрақты болады деп болжанады.

Кәсіпорынның қарызды талап ету ықтияры азаматтық заңнамаға сәйкес мүлікке ие болу немесе сатып алу құқықтары мен міндеттері аясында, сонымен қатар ^[2]ҚР Азаматтық кодексінің жетінші бабында көзделген басқа да жоспар бойынша шарттар мен мәмілелерден туындауы ықтимал. Дәлел есебінде аталған кодекстің 16-тарауының ережелеріне сәйкес «міндеттемеге байланысты бір тұлға (борышкер) өзге тұлғаның (кредитордың) пайдасына мүлік беру, жұмыс орындау, ақша төлеу және т.б. сияқты белгілі бір іс-әрекет жасауға міндетті...» деп көрсетілгенін алға тартуға толық негіз береді.

Дебиторлық берешек санатына жеке тұлғалардың, кәсіпорындардың және бөгде дебиторлардың белгілі кәсіпорын алдындағы қаржылай түрдегі міндеттемелері түсінілетінін анықтадық. Дебиторлық берешектің пайда болуы көбіне тауарларды, өнімдерді, жұмыстарды, қызметтерді сату кезінде экономикалық операцияларды орындау нәтижесінде болады.

Активтер – қаржылық есеп беру элементтерінің бірі. Қаржылық тұрғыда аталған берешек қаражаттарына тікелей байланысты. Осы тұрғыдағы активтер субъектінің заңды меншік құқығына «Қаржылық есептерді дайындап ұсынудың тұжырымдамасына» қарай мүдделі бола алады. Кәсіпорынның активтері субъектінің бағалы мүлкі, меншік және меншіктік емес құқықтары болып саналады.

[3]Активтерді бағалау ҚР «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы» Заңының 14-бабына сәйкес қаржылық есепте көрінетін әрі тіркелетін қаржы сомаларын айқындаумен қатысты. Бұл қызмет барысында дебиторлық берешектің нақты актив ретінде айтарлықтай маңызға ие рөл атқаратыны анық. Аталмыш берешектің мазмұны екі маңызды белгіге ие деп атауға болады:

- дебитор тұлға үшін тегін кіріс көзі;
- несие беруші үшін оның өнімдерінің таралу аймағын ұлғайту, жұмыстар мен қызметтерді тарату нарығын ұлғайту мүмкіндігі.

[4]Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 1-бөлімінің 178-бабына орай қарызды қайтаруға міндет қою үш жылға белгіленеді. Үш жыл өткеннен кейін бухгалтерлік есепте көрсетілгеніне орай шығыстарға жатқызылуы әрі баланстық емес шоттарда екі жыл ішінде есепке алынуы мүмкін.

[5]Бухгалтерлік көрсеткіш есебінде бухгалтерлік есепте міндетті түрде дебиторлық берешек сипатталады. Есептің синтетикалық шоттары топтарының тізбесінде екіге бөлінеді:

1200 - қысқа мерзімді;

2100 - ұзақ мерзімді.

Демек бухгалтерлік айналымда дебиторлық берешекті қалыптасу мерзіміне орай екіге топтайды:

- қысқа мерзімді, төлемдері есепті күннен бастап 12 ай аясында күтілетін берешек;
- ұзақ мерзімді - төлемдері есепті күннен бастап 12 айдан аса күтілетін берешек.

Сондай-ақ берешек мөлшері ішкі және сыртқы факторларға тәуелді, тиісінше солардың ықпалы арқылы анықталады.

Сыртқы факторлар ретінде:

- елдегі экономиканың жағдайы, атап айтқанда өндірістің құлдырауы, шартты түрде дебиторлық берешектің мөлшерін көбейтеді;
- мемлекеттегі есеп айырысулардың ахуалы - төлемдер дағдарысы дебиторлық берешектің өсуіне әкеледі;

– Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қаржы-несие саясатының ықпалы, өйткені эмиссияны, яғни ақша шығаруды шектеу қолданыстағы ақшаның азаюын тудырады, бұл кәсіпорындар арасындағы есеп айырысуды қиындатады;

– елдегі инфляция деңгейі, қарызды төлеу мерзімі неғұрлым кеш болса, оның мөлшері соғұрлым аз болады деген принципке сүйене отырып, жоғары инфляция жағдайында көптеген кәсіпорындар қарызды төлеуге асықпайды;

– өнім түрі - әсіресе маусымдық болу деңгейімен дебиторлық берешектің өсу қаупі объективті түрде анықталады.

Ішкі факторлар:

- Кәсіпорынның несие ұстанымының тепе-теңдігі оны беру мерзімдері мен шарттарын қаржылық тұрғыдан ақтауды, клиенттердің несиелік қабілеттілігі мен төлем қабілеттілігінің критерийлерін объективті анықтауды, есепшоттарды мерзімінен бұрын төлеген кезде жеңілдіктер ұсынудың шебер үйлесімін, кәсіпорынның дебиторлық берешегінің өсуіне практикалық әсер ететін басқа тәуекелдерді есепке алуды білдіреді;

- Осылайша кредиттер беру мерзімдері мен шарттарын дұрыс белгілемеу, клиенттер (сатып алушылар, тұтынушылар) шоттарды мерзімінен бұрын төлеген кезде жеңілдіктер бермеу, басқа тәуекелдерді ескермеу дебиторлық берешектің күрт өсуіне әкелуі мүмкін;

- бақылау жүйесі болуы;
- басқарудағы кәсіби және іскерлік қасиеттері.
- Басқа да факторлардың кездесуі.

Сыртқы әсерлер кәсіпорынның қызметін ұйымдастыруға тәуелді емес екені белгілі, олардың ықпалына кедергі жасау кейбір жағдайларда іс жүзінде мүмкін болмайды. Ал ішкі факторға келсек, толығымен қаржылық басқарудағы кәсібилігіне, аталмыш берешекті басқару қабілетіне байланысты.

Тұтынушылардың дебиторлық берешегінен бөлек, Қаржылық есептің халықаралық стандартында (ҚЕХС) аталмыш берешектің өзге түрлері қарастырылады:

- есеп беретін тұлғалармен берілген аванстар бойынша есеп айырысу;
- есептелген кірістер бойынша;
- шағымдар бойынша;
- келтірілген залалдарды өтеу;
- кредиттік одақтардың мүшелеріне қарыздар;
- басқа дебиторлармен есеп айырысу.

Қаржы активі ретінде дебиторлық берешек туралы ақпаратты жариялау келесі элементтер бойынша жүзеге асырылады:

- өтеу күндері бойынша дебиторлық берешектің түрлері;
- есепті кезеңнің соңына резерв қалдығын бөле отырып, күмәнді берешектер резервінің құрылған әдістері мен сомалары;
- есептен шығарылған дебиторлық берешектің сомасы.

Кәсіпорын өтеу немесе өндіріп алу күмәнді деп танылған дебиторлық берешек бойынша резерв жасайды. Аталмыш мақсатты жүзеге асыру аясында дебиторлық берешектің өтелмеу мерзіміне орай топтарға орайлыстырылады:

90 күнге дейін;

90 – 180 күн;

180-365 күн;

365 күннен артық.

Осылайша кәсіпорын дебитордың қарызды өтемеу ықтималдығының коэффициенттерін белгілей алады:

Күн саны	Ықтималдығы, %
90 күнге дейін	0%
90-180 күн	30 %
180-365 күн	50 %
365 күннен артық	100 %

Дебиторлық берешектің құнсыздануынан болатын шығын дебиторлық берешектің тиісті баланстық құнына берешекті өтемеу ықтималдығының бағалау пайызын қолдану жолымен есептеледі. Нәтижесінде 90 күн ішінде

пайда болатын дебиторлық берешекке қатысты шығын есептелмейді. Күмәнді берешектер бойынша егер салықты өтеу күмәнді болып табылса, өтеуге қосылған құн салығына қатысты құрылады.

Қорыта келе, аталмыш тақырыптың нарықтық экономикада қажеттілігі жоғары деп айта аламыз. Себебі қарыз алушы кәсіпорындар мен ұйымдар қызметтері қолма-қол ақшамен емес, қарызға алынады. Тиісінше әрбір кәсіпорын мен ұйым дебиторлық берешек шотын ашады. Бұл тұрғыдан алғанда активтердің салмағы мен үлесі, уақытылы есепке алынуы маңызды, бұл өз кезегінде әрекеттің нәтижесіне әсерін тигізеді.

Дебиторлық не кредиторлық берешектің және өзге де активтердің бухгалтерлік есебі кез келген кәсіпорының қаржы-шаруашылық қызметінің ажырамас бөлігі болып табылады. Қазіргі уақытта кәсіпорындар есеп саясатын, шоттардың жұмыс жоспарын, құжат айналымының кестесін, мүлік пен міндеттемелерді түгендеуді дербес әзірлейді және бекітеді, тұлғалармен есеп айырысу нысанын анықтайды. Бұл жұмыстар кәсіпорындарға өз балансының өтімділігі мен қызмет табысын реттеу, іскерлік жетістігін игеру мүмкіндіктерін сыйлаудың негізгі тетігі болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Б.Алибекова /Бухгалтерлік есеп қағидалары/ Астана:«Сарыарқа» баспасы 2002ж./ 74 бет, 147-158 бет ^[1]
2. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268-ХІІІ. – Электрондық ресурс, URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000> ^[2]^[4]
3. Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 28 ақпандағы №234 Заңы – Электрондық ресурс, URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000234> ^[3]
4. М.Молдашева /Бухгалтерлік есеп/ Орал: БҚМУ баспа орталығы 2012ж./ 68-75 бет ^[5]